

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМДІ  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ МЕН РӨЛІ  
МЕСТО И РОЛЬ АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА В ФОРМИРОВАНИИ  
ОБЩЕСТВЕННОГО СОГЛАСИЯ**

**(4 СЕКЦИЯ)**

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ АССАМБЛЕЯСЫ: ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМДІ  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ФАКТОР**

**Бейсенбай К.**

Ғылыми жетекшісі: PhD, Моминова Г.Т.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

gulnar\_mominova@bk.ru

Астана қ.

Қазақстан - тамыры тереңде жатқан, этникалық және әлеуметтік тұрғыдан айрықша бай ел. Бұл кең байтақ далада сан түрлі халық өкілдері ғасырлар бойы бейбіт және тату өмір сүріп келеді. Ұлы Даланың кеңістігі ежелден түрлі этностар мен ұлыстар үшін құтты қоныс, туған мекенге айналды. Тарихтың әр кезеңінде бұл жерде түрлі халықтар тағдыр тоғыстырды, мәдениеттер мен салт-дәстүрлер араласып, өзара ықпалдасты. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан өзінің полиэтникалық сипатына бұрынғыдан әлдеқайда тереңірек мән берді. Қоғам өмірінде түбегейлі өзгерістер орын алды: жаңа нарықтық қатынастар қалыптасты, жеке кәсіпкерлік пен бизнестің дамуы қоғамның құрылымын түбегейлі өзгертті. Бұрынғы ескі әдет-ғұрыптар мен қалыптасқан стереотиптер біртіндеп ығысып, заманауи көзқарастар мен құндылықтар алға шықты. Дегенмен, халық өзінің тарихи тамырына, ұлттық болмысы мен мәдени мұрасына қайта бет бұра бастады. Осылайша, ұлттық ерекшелікті елемей, елдің болашағын елестету мүмкін емес екені айқындала түсті. Қазақстан қоғамында сан алуан этностар бірін-бірі құрметтеп, өзара түсіністік пен ынтымақтастықта өмір сүре алады - бұған тарихи тәжірибе мен жылдар бойы қалыптасқан дәстүр дәлел.

Тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап Қазақстан ішкі саясатта бірлікті, қоғамдық келісімді басты құндылық ретінде ұстанды. Елде этностар мен ұлттардың тату әрі бейбіт өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған заңдар мен мемлекеттік бағдарламалар қабылданды. Бұл бағыт Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның ұлттық бірлігі» доктринасында да анық көрініс тапқан: «Көптүрліліктегі бірлік» - мемлекетіміздің ең басты байлығы, ал этносаралық келісім - еліміздің басты жетістігі әрі тұрақты дамуының кепілі. Бұл қағида елдің стратегиялық мақсаттарының негізіне айналды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы - осы тұрақтылық пен келісімнің басты кепілі әрі символы. Бұл бірегей ұйымның негізгі міндеті - қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту, сондай-ақ осы мақсатта мемлекеттік саясатқа қолдау көрсету болып табылады. Ассамблеяны Елбасының өзі басқаруы оның елдегі рөлін, саяси және қоғамдық маңыздылығын айқын көрсетеді. Қазіргі таңда Ассамблея этносаралық және конфессияаралық келісімнің өзіндік қазақстандық моделіне айналып, әлемдік тәжірибеде сирек кездесетін ерекше институт санатына енді. Қазақстан - этносаралық келісімді заң жүзінде бекіткен әлемдегі жалғыз мемлекет. Бұған дәлел ретінде Парламент Мәжілісіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясы атынан сайланатын 9 депутатты атауға болады. Бұл - елдегі әр этностың саяси өмірге белсенді қатысуына мүмкіндік беретін бірегей жүйе.

Қазақстанның көпұлтты құрылымы бір күнде немесе қысқа уақыт ішінде қалыптасқан жоқ. Бұл үдеріс ғасырлар мен ондаған жылдарға созылып, кейде тағдырдың ауыр сынақтарымен, күрделі тарихи оқиғалармен ұштасып отырды. Қазақтар - осы ұлан-ғайыр даланың байырғы халқы, өз жерінің түпкілікті иесі. 1897 жылғы Ресей империясының алғашқы халық санағының нәтижесіне сүйенсек, сол кезде Қазақстанда 4 миллионнан астам адам өмір сүрген, олардың 80 пайыздан астамы қазақтар болған. Алайда XX ғасыр қазақ халқы үшін аса ауыр, қайғылы кезеңге айналды. Бұл ғасырда халықтың өмірін, болашағын сақтау, этникалық тұтастықты сақтау үшін үлкен күрес жүргізілді [1].

Бірінші үлкен қиындық - XX ғасырдың бас кезінде қазақтардың ең құнарлы 40 миллион гектар жерінен айырылуы еді. Патша үкіметі бұл жерлерді қоныс аударушылар мен казактарға бөліп беріп, жергілікті халықты туған мекенінен ығыстырды. Көшпенді қазақтар шөлейт және қолайсыз аймақтарға қуылды, бұл шаруашылықтың күйреуіне, мал басының күрт азаюына алып келді. Ұлттық интеллигенция, оның ішінде Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы сынды көрнекті қайраткерлер

осы отаршылдық саясатқа қарсы күресті. Мысалы, Әлихан Бөкейхан 1906-1907 жылдары «Иртыш», «Омич», «Голос степи» газеттерінде отарлау саясатының зиянын ашық жазып, халықты оятуға ұмтылды. Бұл - ұлттық сананың жаңғыруына, азаттық идеясының таралуына түрткі болды.

Екінші ауыр соққы - 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде қазақ халқы мыңдаған адамынан айырылды. Бұл көтеріліс отаршыл билікке қарсы халықтың жаппай наразылығының көрінісі болды. 1917 жылы «Алаш» партиясының бағдарламасында жер ең алдымен қазақ халқына берілуі керек деген талап қойылды. Алаш-Орда үкіметінің құрамында 25 адамның 10-ы өзге ұлт өкілдері болды, бұл олардың демократиялық әрі интернационалдық ұстанымын көрсетті. Бұл кезеңде халықтың рухы мен еркіндікке ұмтылысы айқын байқалды.

Үшінші ең ауыр кезең - 1930 жылдардағы жаппай ашаршылық. Бұл қасіретті оқиға қазақ халқының тарихында орны толмас қайғы болып қалды. Ашаршылық салдарынан халық саны 42-70% аралығында кеміді. Бұл жағдайға коммунистік жүйенің күшпен отырықшыландыру, мал-мүлкін тартып алу және шаруаларды колхоздастыру саясаты себеп болды. Ашаршылықтың нақты масштабын анықтау қиын, өйткені көптеген ресми деректер жойылып, қайтыс болғандар саны толық тіркелмеді. Елде дәрігерлер жетіспеді - кейде бір ғана дәрігерге 60 мыңға жуық адамнан келетін. Қалалар мен ауылдарда аштықтан қаза тапқандар саны шексіз еді, адамдар жан сақтау үшін мысық, ит, тіпті тері мен сүйекті жеуге мәжбүр болды. Кейбіреулер нанды тіпті мүк пен түрлі шөптен жасап пісірген. Бұл кезең халқымыздың төзімділігі мен өмірге деген құштарлығын барынша сынаққа салды.

Осы тарихи сынақтар мен өзгерістердің нәтижесінде бүгінгі Қазақстан көпұлтты, көпконфессиялы мемлекетке айналды. Тарихтың ащы сабақтары мен қиыншылықтары қоғамды ұйыстырып, өзара түсіністік пен төзімділік қалыптастырды. Бүгінде Қазақстанда 130-дан астам этнос өкілдері тұрады, олардың әрқайсысы өз мәдениеті мен дәстүрін сақтай отырып, ортақ үйіміз - Қазақстанның дамуына үлес қосуда. Елдің тұрақты дамуы мен болашағы үшін қоғамдағы бейбітшілік пен келісім, этностар арасындағы түсіністік басты құндылыққа айналып отыр. Қазақстанның бірегейлігі - осы көптүрлілік пен бірліктің үйлесімділігінде. Елдің болашағы әрбір азаматтың өз тарихын, ұлттық болмысын құрметтеумен, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтаумен тығыз байланысты.

Орал губерниясында адам жегіштік сияқты сұмдық жағдайлар орын алды. Аштық пен қуғын-сүргіннен аман қалу үшін миллионнан астам адам амалсыздан Қытайға, Моңғолияға, Ауғанстанға, Иранға, Түркияға жаппай үдере көшті. Бұл босқындар - «жасырын депортацияның» құрбандары еді, олардың тағдыры ұжымдық қасіретке айналды. Бұл кезеңде халықтың өмір сүру деңгейі бұрын-соңды болмаған ауыр сынаққа ұшырады, көптеген адамдар туған жерінен ажырап, жат елдерде тағдыр тәлкегін бастан кешірді.

Сталиндік тоталитарлық жүйе Қазақстанды ҚАРЛАГ, СТЕПЛАГ, АЛЖИР сияқты лагерьлердің тұтас желісі бар алып концлагерьге айналдырды. Бұл лагерьлерде миллиондаған адамдар азап шекті, олардың арасында жазықсыз жандар, елдің болашағы болған зиялылар, қарапайым еңбек адамдары да болды. 1937-1938 жылдары Қазақстанның интеллигенциясы, ұлтымыздың асыл азаматтары түгелге жуық қуғын-сүргінге ұшырап, жойылды. Бұл кезеңде 120 мыңнан астам ең білімді, жанкешті ұл-қыздарымыздан айырылды. Елбасы, ҚХА төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев бұл зұлмат кезеңді «ауқымы да, қаталдығы да адамзат тарихында болмаған қайғы» деп бағалаған еді. Бұл сөздер - сол заманның озбырлығын, халықтың басына түскен ауыр қайғыны дәл сипаттайды [2].

1930-1940 жылдары күштеп қоныс аудару саясаты кең көлемде жүзеге асырыла бастады. 1937 жылы Қиыр Шығыстан 98 454 корей 90 эшелонға тиеліп, Қазақстанға жеткізілді. Оларға негізсіз «Жапон тыңшыларының Дальневосточный өлкесіне енуіне тосқауыл қою» деген жалған айып тағылды. Тіпті көзінің қиығы бардың бәріне тыңшы деп қарады, осылайша мыңдаған жазықсыз адамдар зардап шекті. 1941 жылы 361 мың Поволжье немісі, ал 1943-1944 жылдары Солтүстік Кавказдың 507 мыңнан астам халқы (чечен, ингуш, қарашай, балқар және басқа да ұлт өкілдері) Қазақстанға жер аударылды. Осындай амалсыз депортация нәтижесінде соғыс жылдары Қазақстанға барлығы 1 976 746 адам күштеп көшірілді. Бұл халықтардың барлығына «саяси сенімсіз», «сатқын» деген жалған айыптар тағылды. Олар өздерінің кінәсіз екенін дәлелдей алмай, жаңа ортаға бейімделуге мәжбүр болды.

Осындай аса ауыр, сындарлы кезеңде қазақ халқы өзінің қонақжай, кеңпейіл қасиетін жоғалтпады. Келгендерге қолындағы барын бөліп берді - нанын, баспанасын, тіпті өзінің тұрмыстық қиыншылығына қарамастан, көмек қолын созды. Мысалы, Қызылорда қаласындағы балабақша сүттің бәрін қоныс аударушыларға бергені туралы деректер бар. Қазақ әйелдері жетім қалған өзге ұлттың баласын бауырына басты, оларды өз баласындай тәрбиеледі. Мысалы, тек 1942 жылдың алғашқы төрт айында республика жұмысшылары 1606 жетім баланы асырап алған. Бұл - қазақ халқының кең жүрегі

мен адамгершілігінің, бауырмалдық қасиетінің айғағы. Осындай оқиғалар қазақ қоғамының ішкі бірлігін, мейірімін, төзімділігін паш етеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының бүгінгі жұмысы да осы тарихи сабақтарды ескере отырып, қоғамдағы тұрақтылықты, бейбітшілікті сақтауға бағытталған. Ассамблея құрылымы өте кең әрі жан-жақты: бүгінде елде 1025 этномәдени бірлестік жұмыс істейді, олар 43 этностың мүддесін қорғайды және мәдени мұрасын дамытуға ықпал етеді. ҚХА аясында 3 мыңнан астам Қоғамдық келісім кеңесі, 1793 Аналар кеңесі барлық аймақтарда, ауылдарда белсенді жұмыс жүргізеді. Аналар мен Ақсақалдар кеңесі - ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрыптың қоғамдағы орны ерекше екенін көрсетеді. Себебі әлеуметтік нормалар, салт-дәстүрлер қоғамды біріктіреді, қоғамдық өмірді реттейді.

Ассамблеяның басты міндеттерінің бірі - қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру және оны нығайту. Бұл бағытта ҚХА «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы мен Ғылыми-сараптамалық топтар арқылы патриоттық құндылықтарды дәріптейді, жастарды елжандылыққа, азаматтық жауапкершілікке тәрбиелейді. Әр азамат өз мәдениетін, тілін, дәстүрін дамытуға толық құқылы - бұл Ассамблея Доктринасында нақты көрсетілген. Бүгінде Қазақстанда газеттер мен журналдар 15 тілде, театрлар 7 тілде жұмыс істейді, бұл - этностардың өз мәдениетін дамытуға толық мүмкіндік алғанының дәлелі.

Ассамблея жұмысы дінаралық келісімге де тікелей әсер етеді. Қазақстанда 17 діни конфессия өкілі бар, ел зайырлы мемлекеттің қағидаларына негізделген. Ең ірі конфессиялар - ислам (суннизм бағыты) мен христиандық (православие). Қазақстандағы ұлтаралық келісімнің басты ерекшелігі - «ислам-христиандық» осінде қалыптасқан төзімділік пен өзара түсіністік. Бұл туралы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2030 жылға дейінгі Стратегиясында да егжей-тегжейлі айтылған. Келісім - сүйіспеншілікке, мейірімділікке, сенім мен көршіге құрмет көрсетуге негізделген. Бұл - христиандық пен исламның ортақ құндылықтары, адамгершілік пен төзімділік ұстанымдары.

Дегенмен, діни ахуал әрдайым біркелкі таза емес. Кейбір діни конфессиялар сыртқы ықпалға ұшырайды, олардың қызметі саясатпен астасып кетуі мүмкін. Көптеген діндарлар өз дінін ұлтымен теңестіріп қарайды, бұл кейде қате түсініктерге әкеледі. Мысалы, «Әр орыс - автоматты түрде христиан, әр қазақ - міндетті түрде мұсылман» деген көзқарас кең таралған, алайда бұл - қате, жаңсақ ұғым. ҚХА-ның басты мақсаты - діни сеніміне қарамастан, әр азаматты ортақ азаматтық ұстанымда, бір мақсат, бір мүдде төңірегінде біріктіру, ел ішіндегі тұрақтылықты сақтау.

Қазақстанда тұрақтылықты сақтау үшін, әсіресе жастарға патриоттық тәрбиеге, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге ерекше көңіл бөлінеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» идеясы - патриотизмді, бірлікті, барлық этносты біріктіретін басты күш деп көрсетеді. Бұл идея қазақстандық бірегейліктің өзегіне айналып, ұлттық құндылықтар мен дәстүрді сақтауға, қоғамдағы ынтымақ пен келісімді нығайтуға үндейді.

Ассамблеяның тарихи миссиясы - Қазақстан халқын XX ғасырдағы үш ірі идеологияның - коммунизм, фашизм, либерализмнің күйреуінен алған сабақ арқылы радикализм мен экстремизмге қарсы тұра алатын иммунитет қалыптастыру. Бұл - тарихи тәжірибеге сүйене отырып, жаңа қатерлерге төтеп беру, елдің бірлігін сақтау деген сөз. Елбасы айтқандай, «Ел бірлігі - жаңа қазақстандық патриотизмнің негізі». Қазіргі дамудың басты бағдары - прагматизм мен бәсекеге қабілеттілікке сүйенеді. Яғни, өз халқынды, ресурстарынды жақсы білу, оларды үнемді әрі тиімді жұмсау, болашағынды дұрыс жоспарлай алу аса маңызды. Тек осындай ұстаным арқылы Қазақстан әлемдік қауымдастықта өз орнын нығайтып, тұрақты әрі дамушы елге айналады [3].

Қорытындылай келе, Қазақстан халқы Ассамблеясы - еліміздің тұрақтылығы мен бірлігінің берік тұғыры болып табылатын ерекше қоғамдық құрылым. Ол - түрлі этностардың бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруін қамтамасыз еткен сенімді қорған, ортақ тағдыр мен жарқын болашаққа бастайтын берік қамал. Біз тәуелсіздіктің әр кезеңінде тарихымызға әділ баға беріп, сол сабақтарды негізге ала отырып, келешекке сенімді қадам басып келеміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай: “Берік бірліктің арқасында біз Тәуелсіздігімізді нығайттық, халықтың тұрмысын жақсарттық. Бұл кезең - жасампаздық пен прогресс, бейбітшілік пен келісімнің уақыты.” Қазақстанның бірегей қоғамдық үлгісі халықаралық деңгейде мойындалып, “бірлік - көптүрлілікте” қағидасының өміршеңдігін әлемге дәлелдеді.

Тәуелсіздік жылдарындағы ең үлкен жетістіктердің бірі - этносаралық келісім мен ұлттық бірліктің қазақстандық моделін сәтті қалыптастыруымыз. Бұл модельдің терең тамыры ғасырлар бойы қазақ халқы жинақтаған төзімділік, көрегендік дәстүрлерінде және тарихтың күрделі белестерінде жатыр. Ұлт пен ұлыстың арасындағы татулыққа деген сұраныс - қоғамның табиғи қажеттілігі, сондықтан Қазақстан халқы Ассамблеясы осындай тарихи қажеттіліктің заңды жемісі ретінде дүниеге келді және бүгінде өз міндетін мінсіз атқарып отыр.

Ассамблея елдегі мемлекеттік ұлттық саясаттың әзірленуі мен жүзеге асуына белсенді араласады, бұл оның басты миссияларының бірі. Оның қызметінің негізі - адам ұлтына, дініне, тіліне қарамастан, барлық азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын тең дәрежеде сақтау, толық құрметтеу. Қазақстанда толеранттылық - тек саяси мәдениеттің бөлшегі ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің басты қағидаларының бірі. Бұл құндылық қазіргі қоғамымыздың тұрақты дамуы мен бейбіт өмірінің кепілі.

Ұлттық келісім мен қоғамдық ынтымақтың мықты іргетасын қалау үшін тарихымызға тура қарап, ашық әрі әділ бағалау қажет. XX ғасырдағы Қазақстанда орын алған қайғылы оқиғалар - тек қазақ халқының ғана емес, осында бірге ғұмыр кешкен барша этностардың ортақ тағдыры. Осыған орай, 1997 жылдан бастап, 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні ретінде аталып өтуі - өткенге тағзым мен болашаққа сабақ. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев “На пороге XXI века” кітабында: “Ұлттық идеяны тек ұлттық ерекшеліктерге байлау - сол этностың өзіне де қауіпті” деп атап көрсеткен болатын. Бұл - Қазақстан халқы Ассамблеясының басты мақсаты - әр ұлттың өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, ортақ ұлттық бірегейлікті қалыптастыру екенінің дәлелі.

XX ғасырдың басында қазақ жерінің тағдыры аса күрделі болды. 1897 жылғы санақ бойынша, қазақтар ел халқының 80%-дан астамын құрағанымен, патша өкіметінің аграрлық саясаты салдарынан 45 миллион десятинадан аса құнарлы жерлер тартып алынып, байырғы халық шөл мен тұзды, қолайсыз аймақтарға ығыстырылды. XIX ғасырдың соңынан бастап қазақ даласына қоныс аударушылар ағылып келді; 1897 жылы Қазақстандағы орыстар саны 544 мыңға жетіп, жалпы халықтың 12,8%-ын құрады. Кейінгі жылдары орыстар, украиндар, белорустар, немістер және басқа да этнос өкілдерінің саны арта түсті.

Қазақ зиялылары, әсіресе Әлихан Бөкейханов, ұлттық мүддені қорғау жолында бар күш-жігерін салды. Ол 1908-1909 жылдары “Сибирские вопросы” журналы бетінде патшалықтың отаршыл саясатын әшкерелеп, оның қазақ даласының дәстүрлі мал шаруашылығына тигізген зардабын нақты деректермен дәлелдеді. Бұл - қазақ жерінің қайғысы мен тағдырын әлемге паш етуге ұмтылған жанкешті күрес еді [4, 5-6 бб.]

Кеңес дәуіріндегі саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық халқымызға аса ауыр тиді. 1920-30 жылдардағы ашаршылық кезеңінде қазақ халқы өз санының жартысына жуығынан айырылды. Кейбір зерттеушілер бұл қасіретті “жасырын депортация” деп атайды, себебі адамдарды жерінен көшуге мәжбүрлейтін төзгісіз жағдайлар жасалды. Сол ауыр жылдары қазақ халқы өз соңғы нанын бөлісіп, қуғынға ұшыраған, депортацияланғандарға қамқорлық танытып, бауырмалдық пен адамгершілік үлгісін көрсетті. Мәселен, Ажаркүл Ахметова күйеуіне жазған хатында: “Илья! Бізде енді ұл бар, мен екі айлық баланы асырап алдым, атын Серікбай деп қойдым” деп жазған. Бұл - қазақ халқының қайғыға тап болған кезеңде де жүрек кеңдігі мен мейірімділігін жоғалтпағанының айғағы.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанға жер аударылғандар саны 2 миллионға жуықтады. Осы тарихи оқиғаларды ескеріп, Қазақстан халқы Ассамблеясы “Тарихтан тағылым - өткенге тағзым” жобасын іске қосты. Бұл жоба арқылы біз ауыр тарихымыздың сабақтарын келер ұрпаққа жеткізуді, тарихи жадымызды сақтау мен оны терең ұғынуды парыз деп білеміз. Өйткені тарихи жады - әр ұлттың өзін-өзі тануының, мәдени мұрасын бағалауының және Отанға деген сүйіспеншілігінің негізі.

ҚХА қоғамдық келісімді нығайту үшін кең ауқымды әрі тиімді институционалдық жүйе қалыптастырды. Бүгінде ел аумағында 1025 этномәдени бірлестік белсенді жұмыс жасап жатыр. Бұл ұйымдар азаматтық құндылықтарды, әркімге тең мүмкіндік пен қазақстандық бірегейлік қағидаларын нығайтып, ұлтаралық татулықты сақтауға үлес қосуда. Олардың қызметі - қоғамда сенім мен өзара құрметті қалыптастырып, еліміздің дамуына серпін береді.

Ассамблеяның маңызды құралдарының бірі - даулы мәселелер мен келіспеушіліктерді шешуге көмектесетін медиация институттары. Қазіргі уақытта Ассамблеяның медиация желісіне бір республикалық, 28 өңірлік кеңес және 503 медиация кабинеті кіреді. Бұдан бөлек, елімізде 3 мыңнан астам Қоғамдық келісім кеңесі мен 1793 Аналар кеңесі жұмыс атқарып, қоғамдағы бірлік пен ынтымақты нығайтуға белсенді атсалысуда. Бұл құрылымдар халық арасында өзара түсіністік пен татулықты сақтауға, әлеуметтік қатынастарды үйлестіруге зор үлес қосып отыр.

Сөйтіп, Қазақстан халқы Ассамблеясы - еліміздің тұрақты дамуы мен ұлттық бірлігінің мызғымас кепілі. Оның қызметі арқылы елімізде этностар арасындағы татулық пен келісім нығайып, көпэтносты қоғамның ғасырлар бойғы арман-мүддесі жүзеге асып келеді. Ассамблеяның тәжірибесі - әлемге үлгі, ол Қазақстанның бейбітшілік пен бірлік жолындағы табысты саясатының нақты көрінісі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан халқы Ассамблеясы - ел тарихында / Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті, Әлеуметтік-саяси зерттеулер институты. - Астана: -2014. - 266 б.
2. Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған «Тарихтан тағылым - өткенге тағзым» жобасы аясында өткен халықаралық форумның материалдары. - Жезқазған, 2016; - Қызылорда, 2017.
3. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ: ТӘЖІРИБЕСІ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ, ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ»: онлайн халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары, - Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2020. - 149 б.
4. *Сибирские вопросы : периодический сборник* / [под ред. П. М. Головачева; изд. В. П. Сукачев] . - С.-Петербург : Тип. Альтшулера, 1905-1913. 1905, № 1.

## ҚХА ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ

**Ғабдулуохап Ә.Е.**

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., қауым.профессоры Туякова А.Е.  
Астана халықаралық университеті,  
[agabduluoahap@gmail.com](mailto:agabduluoahap@gmail.com)  
Астана.к.

Қазақстан қоғамы этносаяси, әлеуметтік және мәдени көптурлілігімен ерекшеленетін бірегей мемлекет болып табылады. Ел тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңнен бастап ұлттық тұтастық, қоғамдық келісім және этностар арасындағы өзара құрмет ұғымдары мемлекет дамуының іргелі факторларының біріне айналды. Осы бағыттағы институционалдық негіздердің ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА) орны ерекше. Ассамблея, этносаралық татулық пен бірлікті нығайтуға арналған конституциялық орган ғана емес, сонымен қатар қоғамдық сананы жаңғыртатын, азаматтық тұлғаны тәрбиелейтін және ұлттық бірегейлікті сақтауға бағытталған ғылыми-білім беру бастамаларының орталығы болып отыр. Ел Президенті Қ.Тоқаев «Ұлтаралық келісім, Қазақстанның стратегиялық капиталы» екенін атап көрсеткен [3, 14 б.], бұл ҚХА жұмысының маңызын тек саяси емес, сонымен қатар әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан да айқындайды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының білім беру бағытындағы қызметінің маңыздылығы бірнеше ғылыми бағыттармен астасады: бірі, азаматтық патриотизмнің дамуы, екіншісі, этномәдени құндылықтардың сақталуы, үшіншісі, жас ұрпақтың толеранттылық мәдениетін қалыптастыру. Білім беру арқылы этностар арасында тұрақты гуманистік құндылықтарды орнықтыру, заманауи көпэтносты қоғамдағы тұрақтылықтың кепілі болып табылады [1, 72 б.]. Осы тұрғыда Ассамблеяның бастамаларымен іске асатын «Мың бала», «Бірлік сыныптары», «Достық клубтары», ғылыми-сараптамалық кеңестер, этномәдени бірлестіктер жанындағы жексенбілік мектептер, студенттік медиация орталықтары секілді жобалар елдегі қоғамдық келісімді білім беру жүйесімен байланыстыра отырып дамытады. [6, 45 б.]

Ассамблеяның қызметіне қатысты теориялық тұжырымдамалардың бірі, этносаралық толеранттылық мәдениетінің қалыптасу теориясы. Бұл теорияға сәйкес, қоғамның бейбіт дамуы этникалық ерекшеліктерді жоюға емес, керісінше, өзара құрмет пен қабылдауға негізделген мәдени эртүрліліктің үйлесіміне байланысты [5, 87 б.]. Қазақстан жағдайында бұл қағида ұлттық бірегейлікті күшейтуге мүмкіндік беретін «Ортақ азаматтық ұлт» концепциясымен үйлеседі. Яғни, ұлтына, дініне, тіліне қарамастан, әр азамат өзін Қазақстанның тең құқылы азаматы ретінде сезінуі тиіс. Ассамблеяның білім беру жобалары осы концепцияны реалистік тетікке айналдыратын маңызды әлеуметтік институт.

Білім беру бастамалары арқылы қоғамдық келісімді нығайту механизмі бірнеше құрамдас бөліктен тұрады. Біріншіден, оқушылар мен студенттер арасында этностардың тарихына, мәдениетіне және рухани құндылықтарына құрмет сезімін тәрбиелеу. Екіншіден, азаматтық жауапкершілік пен мемлекетке адалдық ұстанымын қалыптастыру. Үшіншіден, қақтығыстардың алдын алуға және дауларды диалог арқылы шешуге үйрету. Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, толеранттылық, өзара түсіністік және ынтымақтастық сияқты қасиеттер білім беру арқылы берік қалыптасады. Осы бағытта ҚХА жанындағы жоба ретінде ашылған «Достық үйлері» тек мәдени орталық қана емес, сондай-ақ білім беру тренингтері мен ғылыми семинарлар өткізілетін кеңістікке айналған.